

Кейбір міндетті сақтандыру түрлері бойынша жеңілдік мөлшері заңнамаға сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің 10%-ын құрауы мүмкін. Сақтандырудың ең жаппай түрі бойынша – көлік құралдарының иелерін міндетті сақтандыру бойынша, I және II топтағы мүгедектерге, ҰОС ардагерлері мен қатысушыларына және оларға теңестірілген тұлғаларға мүмкін болатын жеңілдіктерден басқа полис құнының 50% мөлшерінде міндетті түрде жеңілдік беріледі.

Онлайн сақтандыруға алғашқы күндерден бастап клиенттер жүгінуде. Бүгінгі таңда 500-ге жуық онлайн полистер жасалды. Оның жалпы сомасы 7 млн теңгені құрайды. Орташа бағасы 15 мың теңге. Көш бастап тұрған қалалар – Астана мен Алматы. Жалпы, еліміз бойынша жасалған онлайн полистердің 60 пайызы осы екі қалаға тиесілі.

Сақтандырудың бүгінгі таңда 4 класы бойынша онлайн сақтандыру жүзеге асырылады. Олар: автокөлік иелерінің міндетті сақтандыруы, экологиялық сақтандыру, тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы міндетті сақтандыруы және қауіпті нысандар иелерінің сақтандыруы.

Техникалық ахауларға байланысты қиындықтар туындауы мүмкін. Мәселен, тұтынушының жеңілдігі болатын болса, база оны растамаған жағдайда жеңілдігін алмауы мүмкін. Ондай жағдайда сайт клиентке ары қарай не істеу керек екенін айтады.

ҚР Ұлттық Банкі мен сақтандыру компаниялары әр түрлі қызметтерді жаппай цифрландыру дәуірінде онлайн-сақтандыру бойынша сервистің жаңа түрі біздің интернет-кеңістікте сұранысқа ие өнімдердің бірі болады деген пікірде, Жалпы алғанда, электронды полис өте тиімді. Ол тәулік бойы қолжетімді және тұтынушының уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Қазіргі жаңа заманда қаржылық цифрландыру қызметтеріне жүгіну, клиенттердің пайдасына түсері анық.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://www.nationalbank.kz/>
2. <https://egov.kz/>
3. <https://fingramota.kz>
4. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 166-VI заңы
5. 2018 ж. 4 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінің №124 (29355) саны

Қазақстандағы электронды сақтандыру

Н.Р. Ким¹, И.Ж. Кулакаева²

¹Қаржы кафедрасының аға оқытушысы, статистика магистрі

²Қаржы кафедрасының оқытушысы, экономика ғылымдарының магистрі

Nata_kim79@mail.ru, indi_kul@mail.ru

^{1,2}Қорқыт Ата ағындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

Түйіндеме: бұл жұмыста 2019 жылдың 1 қаңтарында енгізілген онлайн – сақтандыру немесе электронды сақтандырудың қазіргі жағдайы зерттеледі. Сақтанушы мен сақтандырушыда кездесетін қазіргі кездегі мәселелері анықталып, олардың шешу жолдары қаралды. Интернет желісі көмегімен онлайн – сақтандыруды қолданудың пайдалы жақтарын, жүзеге асыру және төлем жасау тәсілдері көрсетіледі. Көршілес еліміз – Ресей Федерациясының сақтандыру саласындағы, әсіресе онлайн – сақтандырудың, және оны экономиканың заманауи тұрғысынан жаппай цифрлы дамуы қарастырылды. Қазақстандағы және шет елдердегі электронды сақтандырудың онлайн төлемін жүргізудің әдісін рәсімдеу қарастырылды. Жұмыстың негізі ретінде Ресей Федерациясының автоазаматтық жауапкершілігі электронды полисін міндетті сақтандыру тәжірибесі қарастырылды.

Кілт сөздер: онлайн – сақтандыру, электронды сақтандыру, сақтандырудың біртұтас дерекқоры, сақтандыру полисі

Қазіргі әлемде Интернеттің көмегімен банктік карталар (қашықтан банктік қызмет көрсету) және ұялы телефондағы әртүрлі қосымшалар (мобильді банкинг) арқылы мыңдаған түрлі операциялар жасалады. Бұл жұмыстарды, қызметтерді ұсыну және сатып алу, коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, несие алу мен өтеу және басқаларын қамтиды. Сақтандыру нарығында да өзіндік ерекшелік болған жоқ.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда электронды онлайн сақтандыру енгізілгені белгілі. Онлайн сақтандыру бойынша міндетті және ерікті сақтандырудың барлық тоғыз түрі бойынша ұсыну мүмкін.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі № 166-VI Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес онлайн сақтандыру және электронды түрінде сақтандыру полисінің легитимділігін бекіту мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер енгізілді [1].


Дәстүрлі түрдегінің орнына, қазіргі сақтандыру жағдайында, осындай сақтандыру қызметін енгізудің оң және теріс жақтарын қарастырайық.

Ресми мәліметтерге сәйкес, 2019 жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша Қазақстанда жалпы сақтандыру саласында 20 сақтандыру компаниясы және өмірді сақтандыру бойынша 7 сақтандыру компаниясы жұмыс істейді.

Онлайн сақтандыру саласы, жалпы сақтандыру сияқты, қаржы секторының перспективалық бағыттарының бірі болып табылады.

Сақтандыру компанияларының сарапшылары мен агенттерінің пікірінше, сақтандыру компанияларының ресми сайттарында толықтай онлайн тәртіптемесі бойынша сатып алынған сақтандыру полисінің үлесі аз ғана. Сонымен, 2019 жылдың 1 наурызына сақтандыру компанияларының сайттары арқылы онлайн полистерді сату үлесі 0,6% құрады. Жыл соңына қарай өсім 2 - 5% деңгейінде болады деп күтілуде.

Егер көрші мемлекет - Ресейдің тәжірибесін қарастыратын болсақ, онда 2015 жылдың қорытындысы бойынша онлайн-арналар арқылы сақтандырудың салмағы бар-жоғы 0,3% -ды құрады, 2016 жылдың қорытындысы бойынша ол 0,47% -ды құрады, 2017 жылдың қорытындысы бойынша ол 2,5% -дан асты, 2018 жылдың бірінші жарты жылдығының нәтижелері бойынша ол қазірдің өзінде 4,7% құрады (1-сурет). 2019 жылдың қаңтарында Ресейде 1,3 миллион дерлік автомобильдердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру полисі сатылды. Бұл барлық автокөлік сақтандыруының 56% құрайды. Бір жыл ішінде автомобильдердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың электронды полисін сату 44% -ға өсті.



Сурет 1. Ресей Федерациясының сақтандыру нарығы. Интернет арқылы сату, үлесі (%)
Ескерту – [2]

Алайда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандырудың электрондық сақтандыру полистерінің кемшіліктері бар. Және де олар аз емес. Көлік жүргізу тәжірибесі аз жүргізушілер азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыруды электронды түрде ала алмайды.

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың электронды полисін рәсімдеу кезінде кем дегенде бір қателік жіберілген болса да, ол жарамсыз деп танылуы мүмкін, ал дұрыс емес ақпарат беру заңсыз болып табылады. Бұл жағдайда жол-көлік оқиғасы кезінде өтемақының кешігуі немесе сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы да мүмкін.

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша электрондық сақтандыру полистерін сақтандырған кезде, сақтандырушылар, көбінесе клиентке өмірді сақтандыру сияқты қосымша сақтандыруды жүктеуге тырысады. Қате қойылған белгі болса сіз қосымша сақтандырудың иесі бола аласыз, ал ол үшін сіз қосымша ақы төлеуіңіз керек.

Тұтынушылар зейінді болу керек. Электрондық нысанды толтыру кезінде өрістерді мұқият және дәл толтыру қажет, сіз алғыңыз келмейтін қосымша қызметтердің жанындағы ұяшықтарға белгі қоймау керексіз.

Сонымен қатар, жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда, автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың электронды түрі оның қағаз түріндегі аналогына қарағанда ұзағырақ тексеріледі.

Хакерлер сіздің электронды автокөлік құралдарыңыздың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру полисіңізді электронды полистер мәліметтер базасына шабуыл жасау арқылы ұрлауға тырысуы мүмкін.

Сонымен қатар, алаяқтар жалған сайттар жасайды, онда олар жалған автокөліктер құралдарының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін электронды сақтандыру полистерін сатады. Бұл құжаттар жарамсыз болғандықтан, жазатайым оқиға болған кезде сіз ештеңе ала алмайсыз. Осылайша, шығындар пайда болады: полис үшін ақы төленген, бірақ жол-көлік оқиғасы кезінде өтемсіз қаласыз. Жалған полистер көбінесе онлайн-сақтандыру полистерін үлкен жеңілдіктермен ұсынады - мысалы, 20 - 30% дейінгі шегерістермен, Қазақстанда тек 10% дейін жеңілдік беруге рұқсат берілген [3].

Онлайн сақтандырудың көлемінің ұлғаюының мүмкіндігі, Қазақстан Республикасындағы банк карталарымен жасалған барлық қолма-қолсыз айналымдардың 46,9% -дан астамы интернет-төлемдер арқылы жүзеге асырыладығында көрінеді, бұл көрсеткіш бір жыл бұрын 36,3% және 2015 жылы 11,4% болған [4].

Біздің ойымызша, онлайн сақтандырудың да, дәстүрлі сақтандырудың да баяу өсуінің басты себебі - бұл біздің менталитет.

Қазір, сақтандыру деректері, Бірыңғай сақтандыру деректер базасында сақталатындығына қарамастан, клиенттер оған үйрене алмай келеді (қызметтің елеусіз түрімен). Бұрынғыдай, клиент кеңсеге келіп, сақтандыруды рәсімдеп, қағаз түріндегі сақтандыру полисін - төленген ақшаның кепілдігін күтеді.

Онлайн сақтандырудың тағы да жағымсыз жағына - техникалық қателерді жатқызуға болады. Мысалы, мемлекеттік деректер базасы уақытша қол жетімсіз болған кезде немесе тұтынушы деректері мен құжаттар арасында сәйкессіздік болған кезде.

Жоғарыда айтылғандардан онлайн қызметтерді ұсыну жүйесі әлі толық қалыптаспаған деген қорытынды жасауға болады, бірақ болашақта онлайн-сақтандырудың көптеген артықшылықтары кемшіліктерді жабуы керек.

Бұл, біріншіден кеңсеге бармастан сақтандыру полисін рәсімдеу болып табылады. Рәсімдеу қарапайымдылығы, уақытты және кейбір шығындарды үнемдеу, делдалдардың жоқтығы.

Кеңсеге барып, әсіресе мегаполисте, кеңес алу көп уақытыңызды алуы мүмкін, ал онлайн сақтандыру полисін рәсімдеу бар болғаны бірнеше минут алады.

Онлайн сақтандыру полисіне жүгіну үшін барлық құжаттарды өзіңізбен бірге алып жүрудің қажеті жоқ. Өзіңіз туралы типтік деректерді дұрыс толтыру жеткілікті: тегі, аты, әкесінің аты, телефон нөмірі, ЖСН және т.б.

Бұрын сақтандыруды алу үшін, біз сақтандыру компаниясына жұмыс уақытында келуіміз керек еді, сонымен қоса сақтандыру агентіне кезекте күтіп тұруымыз мүмкін еді, енді біз сақтандыру агентінің көмегіне жүгінбестен тәулік бойы қызметін рәсімдей аламыз.

Екіншіден, бұл қағаз түріндегі растаудың болмауы. Барлық ақпарат Сақтандырудың бірыңғай деректер базасында сақталады және ол жол полициясы қызметкерлеріне қол жетімді. Автокөлік иесінде үйде сақтандыру полисін ұмыттым деген қорқыныш болмайды. Сонымен қатар онлайн сақтандыру полисін жоғалту мүмкін емес.

Үшіншіден, бұл төлем әдісі. Онлайн сақтандыруды рәсімдеу кезде төлем әр түрлі болады. Бұл қолма-қол ақшамен де, қолма-қолсыз ақшамен де: қолма-қол ақшамен кассаға, агентке, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары, банкоматтар арқылы, банк арқылы - төлеммен, банк картасы арқылы, электронды ақшамен төлем және т.б.

Нәтижесінде, онлайн сақтандырудың тағы бір артықшылығы - сақтандыру компаниясының шешімімен онлайн-полис құнын 10% (жеңілдік) дейін төмендету мүмкіндігі [2].

Сонымен қатар, онлайн режимінде сақтандыру полисін ғана емес, сонымен бірге сақтандыру жағдайы туындаған кезде сайт немесе мобильді қосымша арқылы сақтандыру төлемдеріне арыз беруге болады.

Интернеттегі сақтандыру кезінде сақтандыру агенттерінің қызметтері айналып өтіп жатқандықтан, бұл қызметтерге қатысты алаяқтық жағдайларын жоқ деп есептеуге болады.

Қорытындылай келе, қазіргі уақытта - қызметтерді кеңінен цифрландыру кезеңінде сақтандыру нарығы ерекше жағдай болып табылмайды және Интернет кеңістігінде ең танымал өнімдердің бірі болатын болады.

Сонымен қатар, сақтандыру кез-келген қолайсыз жағдайлар мен жағдаяттар туындаған кезде азаматтардың мүлкіктік мүдделерін қорғау жүйесі екендігін атап өткен жөн. Сақтандыру - электрондық немесе қағаз түріне қарамастан, халықтың мүлкіктік мүдделерін әлеуметтік-экономикалық қорғауды қамтамасыз етудің көне және тұрақты түрлерінің бірі.

Әдебиеттер тізімі

1. https://www.inform.kz/ru/onlayn-strahovanie-vvoditsya-v-kazahstane-s-1-yanvarya-2019-goda_a3356153
2. <https://www.zakon.kz/4943168-onlayn-strahovanie-v-rk.html>
3. <https://allinsurance.kz/news/mezhdunarodnyj-rynok/9890-strakhovka-onlajn-v-rf-kakie-opasnosti-skryvaet-elektronnoe-osago>
4. <https://egov.kz/cms/ru/articles/banks/07207onlineinsur>

Цифровые технологии в банковской сфере

Л.С. Комекбаева¹, Н.А. Лисова², Е.Т. Акбаев³

¹к.э.н., профессор кафедры финансов,

²к.э.н., доцент кафедры финансов.

³к.э.н., зав.кафедрой финансов

l.komekbaeva@mail.ru, Lisova_n@inbox.ru, erbolsyn.2011@mail.ru

^{1,2,3}Карагандинский государственный университет имени Е.А. Букетова,
г. Караганда

Аннотация: цифровые технологии стремительно развиваются во всех сферах жизни общества, в том числе и в банковской сфере. Банки в условиях жесткой конкуренции стремятся улучшить оказание своих услуг с использованием инновационных цифровых технологий.

Ключевые слова: цифровые технологии, банковская сфера, платежные системы, интернет-банкинг, мобильный –банкинг.

Современное развитие финансовой сферы невозможно без использования информационных, цифровых технологий. Одна из сфер, где их значение особенно велико – банковская сфера. В банковской деятельности наблюдаются тенденции повышения качества и надежности предоставляемых продуктов и услуг, резко увеличится скорость проведения расчетных операций, предоставления электронного доступа клиентов к банковским продуктам.

Использование информационных, цифровых технологий в банковской деятельности связано с самой сутью осуществления платежных операций на дальние расстояния, в связи с чем, внедрение и развитие платежных систем является нормой для банковской сферы. Так, по данным Национального банка Казахстана за 2018 год, рассматривающего состояние безналичных платежей и переводов в национальной валюте составило 891,9 трлн. Тенге, из них – 93,6 % проведены через платежные системы Национального банка РК, то есть через Межбанковскую систему перевода денег (МСПД) и через систему Межбанковского клиринга (МБК).

В Республике Казахстан на 1 января 2019 года действуют 20 платежных систем, 42 платежные организации и 5 значимых поставщиков платежных услуг. Для перевода денег за границу используются платежные системы международных денежных переводов («Золотая корона», «Лидер», Faster, WesternUnion, Moneygram, Юнистрим, Contac).

По данным Национального банка РК через систему международных денежных переводов (СМДП) объем денежных переводов вырос на 20,4 % по сравнению с 2017 годом, а внутри Казахстана объем денежных переводов увеличился на 44,7 %. В основном переводы денежных средств за пределы Казахстана осуществляются через систему «Золотая корона», на долю которой приходится 70 % переводов. МСПД и СМК в 2018 году осуществили переводы на 834,6 трлн. тенге, что на 1,9% меньше по сравнению с 2017 годом. Уменьшение объема платежей через систему МСПД объясняется сокращением объема покупки и продажи ценных бумаг, выпущенных